



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

30.12.2022 № 2-010345-22-114803  
07.12.2022г. №ДС-362

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(«AMANAT», «Ақ жол»  
партиялары фракцияларынан  
және Қазақстан халқы  
Ассамблеясынан, тізім бойынша)

Пилоттық жоба бойынша

### Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура электрондық шот-фактураларды (бұдан әрі – ЭШФ) жазып беруді шектеудің және салық органдарының кәсіпкерлер арасындағы мәмілелерге дау айту туралы талап-арыздармен соттарға жүгінуінің заңдылығы туралы сұрау салуды қарады.

#### ЭШФ шығаруды шектеуге қатысты

Салық кодексінің 68-бабы 1-1-тармағына сәйкес салықтық әкімшілендіруді жаңғырту және жетілдіру мақсатында салық органдары салықтық әкімшілендірудің және салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауының өзге тәртібін көздейтін пилоттық жобаларды енгізуге құқылы.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрінің бұйрығымен (03.10.2019ж. №1084) тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, ЭШФ ақпараттық жүйесі негізінде ҚҚС әкімшілендіруді жетілдіру жөніндегі пилоттық жобаны (бұдан әрі – Жоба) іске асыру қағидалары мен мерзімдері бекітілді.

Жобаға қатысушылар – сатып алынған және өткізілген тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша деректерді талдауға негізделген тәуекелдерді басқарудың белгілі бір жүйесімен (бұдан әрі – ТБЖ) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған ҚҚС төлеушілер.

ЭШФ жазып беру бойынша шектеу тәуекел дәрежесі жоғары салық төлеушілерге қатысты және олар камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындамаған кезде ғана қолданылуы мүмкін.

Жобаның мақсаты – деректерді зияткерлік талдауды қолдана отырып, ЭШФ бойынша мәліметтерді зерделеу арқылы адал салық төлеушілерді қорғау және «қолма-қол ақша айналымы кәсіпорындар» санын қысқарту.

Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша «BIG Data» құралдарын қолдана отырып, күмәнді айналым сомасы 7,4 трлн теңгені құрайтын 8,7 мыңнан астам жоғары тәуекелді салық төлеушілер анықталды.

Жоба аясында **2,6 мың** хабарламаны орындау қорытындысы бойынша бюджетке **71 млрд** теңге салық төленді (хабарламаға дейін салықтар тек 6,7 млрд теңге төленген).

Хабарламаны орындамаған салық төлеушілер бойынша талап-арыз жұмыстары жүргізілуде.

Мысалы, салық органдарының талап-арыздары бойынша соттар **1,6 мың** компанияны (**760 млрд** теңгеге өзара есеп айырысу сомасымен) және **1,2 мың** тауарлы емес мәмілелерді (өзара есеп айырысу сомасы **142 млрд** теңгемен) мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп таныды.

Жалған айналым сомасы **920 млрд** теңге болатын **687** салық төлеушіге қатысты Қылмыстық кодекстің 216-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Жобаның оң көрсеткіштеріне байланысты Қаржы министрлігі Президент Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша Салық кодексіне түзетулер әзірледі, оларды Парламент палаталары қолдады.

21.12.2022ж. Мемлекет басшысы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексті қолданысқа енгізу туралы» Заңға (01.01.2023ж. бастап қолданысқа енгізіледі), оның ішінде тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша хабарламаларды орындамаған жағдайда, ЭШФ жазылуын шектеу тетігін көздейтін заңға қол қойды.

**Салық органдарының кәсіпкерлер арасындағы мәмілелерге дау айту туралы талап қоюлармен соттарға жүгінуінің негізділігіне қатысты**

Мемлекеттік кірістер органдарына 2013 жылдан бастап «тауарсыз» мәмілелерге дау айту туралы талап қою құқығы берілді (Салық кодексінің 19-бабы 1-тармағының 10-тармақшасы).

Камералдық бақылау шеңберінде ТБЖ қолдана отырып, салық органдары тауарсыздықтың айқын белгілері бар, яғни заңды бұзатын күмәнді мәмілелерді «анықтайды» (ҚК 245-бабы, ӘҚБтК 280-бабы).

Критерийлер – жеткізушілердің миллиардтаған айналымы бар, бірақ олар салық төлемейді, тиісті активтер, ғимараттар, көлік құралдары, материалдық және еңбек ресурстары жоқ, ескерілген операциялардың экономикалық мәні жоқ.

Салық есебінде **21 млн** астам бизнес субъектілері (жеке және заңды тұлғалар) тіркелген, оның ішінде ҚҚС төлеушілер – **115 мыңнан** астам.

Салық органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыздары бойынша сот дауларына тартылуы жыл сайын 2%-дан аз.

Мұндай сауда-саттықтың мақсаты бір – салық жүктемесін оңтайландыру: мемлекетке 32% (20% – КТС және 12% – ҚҚС), ал «қолма-қол ақшаға» – 7-ден 12%-ға дейін салық төлеуі керек.

Мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыздар бойынша жауапкерлер ретінде салық төлеушілер мен олардың контрагенттері (даулы мәміле тараптары) тартылады, олар салық органының дәлелдерін жоққа шығаруға және сотқа тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) нақты сатып алудың шынайы дәлелдерін ұсынуға құқылы.

Бұл дәлелдемелер, сондай-ақ салық органдарының құжаттары сот отырысында зерттеледі және сот олардың жиынтығында бағалайды.

Мақсат пен мазмұн бойынша мәмілелердің жалғандығы (тауарсыздығы) фактілерін анықтау арқылы ғана соттар салық органдарының талаптарын қанағаттандырады.

Мемлекеттің экономика мен бизнесті қолдауға жұмсаған орасан зор шығыстары, бюджет тапшылығы, тексерулерге жарияланған мораторий және салық міндеттемелері бойынша ескіру мерзімінің қысқаруы жағдайында салық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы ерекше маңызға ие.

Заңды бизнесті қорғай отырып, «қолма-қол ақшаға аударуға» қарсы күресті әлсіретуге болмайды деп санаймыз.

Әйтпесе, «адал бизнес» жосықсыз бәсекелестікке «көлеңкелі экономиканың» өсуіне ықпал ететін және елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін «қолма-қол ақшаға аударушылар» қызметтерін пайдаланатын компаниялармен тең емес жағдайларға қойылады.

Бас прокуратура осы сұрау салуды назарға ала отырып, заңдылықты нығайту және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды күшейту бойынша одан әрі бірлескен жұмысқа дайын екендігін білдіреді.

**Б. Асыллов**